

Қазақ боксын Одаққа танытқан Торғайлық ағайынды Омаровтар

**Есімдері ұмытыла
бастаған бокс тарланда-
рының бірі қазақ боксын
Одаққа танытқан тегі
торғайлық - ағайынды
Омаровтар болатын.**

Торғай дегенде қазақ зиялы-
ларының үркердей тобы көз ал-
дымызға келері сөзсіз, есімдері
елімізге белгілі спортшылар мен
спорт қайраткерлері де шыққан
қиелі жер. Қазақ елінен шыққан
алғашқы СССР спорт шеберлері,
тегі Торғайдан шыққан ағай-
ынды Махмут, Мақсұт, Рашит
пен Еркін Омаровтарды айтсақ
болады. Ол төртеуінің әкесі мен
ата-бабалары Торғайда туып-
өсіп, өмір кешкен, әйгілі Шақ-
шақ Жәнібек тарханның ағасы
Тұрлығұлдың ұрпақтары.

Ағайынды Махмут, Мақсұт,
Рашит пен Еркін Омаровтар
өткен ғасырдың 1947-1965-шы
жылдары аралығында жиырма
жылға жуық уақыт қазақ бок-
сына елеулі үлес қосқан атақты
былғары қолғап шеберлері.
Олардың әкесі Ілияс Омаров Қо-
станай облысы, Жангелдин ау-
даны, Шилі ауылының тумасы.
Қазақ елінде өнеркәсіп-құрылыс
банкісін ұйымдастырып,
алғашқы төрағасы болған эконо-
мист.

Ағайынды Омаровтардың

төртеуі де жастайынан қазақ
боксының атасы Шоқыр Бөл-
текұлының қолында жаттығып,
Республика және Одақ көлемін-
де үлкен жетістіктерге жеткен
қазақ ұлтынан шыққан алғашқы
былғары қолғап шеберлері.

«Ағайынды Омаровтарды
пір тұтқан Әбдісәлан Нұрма-
ханов, Ғабдул-Мажит Омарға-
лиев, Серік Әбденалиев, Ор-
манбек Иманқұлов, Қайрат
Нұрғазиндер олардың мәнерін
жалғастырып әкеліп, Жандос
Көкімов, Марат Жақсыбаев,
Серік Нұрқазов, Серік Қонақба-
ев сынды інілеріне аманат етіп
тапсырды. Бір жаңырдан төрт
бірдей бокстан СССР спорт ше-
берлері шығуы бұрын болмаған
жағдай» - деп жазған Қазақстан
Республикасының еңбек сіңір-
ген жаттықтырушысы, профес-
сор Өмірзақ Жолымбетов өзінің
естелік кітабында.

Бүкіл қазақтың мақта-
нышына айналған ағайынды
Омаровтардың қазақ спортына
сіңірген еңбектері өте зор. Қазір
арамызда жоқ болса да, олардың
өмір жолдары жас ұрпақты ел-
жандылық рухында тәрбиелеу-
де үлкен өнеге болатыны сөзсіз.

**О. ӘБІЛҚАЙЫРОВ,
Арқалық педагогикалық
институты Тарих және
өнер факультетінің аға
оқытушысы.**